ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 тамыз №5165-25-00-2/2063 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-2050» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «TECHNOSTYLE GROUP» Мухамед Адильбаевич Абдильдинов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-2050» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «TECHNOSTYLE GROUP» Мухамед Адильбаевич Абдильдинов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «TECHNOSTYLE GROUP» Мухамед Адильбаевич Абдильдиновтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 26.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2025, судья Чингиспаева К. С., 06.10.2025

5165-25-3-1/1950